

**Екінші деңгейдегі банктердің баланстық және баланстан тыс шоттарындағы қалдықтар жөніндегі күн сайынғы және ай сайынғы есепті беру мерзімдері туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 388 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 31 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3413. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 131 Қаулысымен.

**Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 № 131 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап 14 күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б)-тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабының 1-1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І** :

1. Агенттікте екінші деңгейдегі банктердің баланстық және баланстан тыс шоттарындағы қалдықтар жөніндегі есепті берудің мынадай мерзімдері **б е л г і л е н с і н** :

1) күн сайынғы есеп есепті күннен кейінгі екі жұмыс күнінен кешіктірілмей; ай сайынғы есеп - есепті айдың соңғы күнінен кейінгі үш жұмыс күнінен **к е ш і к т і р і л м е й** **б е р і л е д і** ;

2) он және одан астам филиалдары бар банктер күн сайынғы есепті есепті күннен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей; ай сайынғы есепті - есепті айдың соңғы күнінен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

2. Күн сайынғы және ай сайынғы есеп нысаны Агенттіктің нормативтік құқықтық **а к т і л е р і м е н** **б е л г і л е н е д і**.

3. Күн сайынғы және ай сайынғы есеп электрондық тасымалдаушыда беріледі.

**Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және**

қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз )

4. Есепке өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда, банк есепті берген күннен бастап үш күндік мерзімде өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу қажеттігінің себептерін түсіндіре отырып, жазбаша өтінішті А г е н т т і к к е б е р е д і .

4-1. Қағаз жазбадағы күн сайынғы және ай сайынғы есепке бірінші басшы немесе оның орнындағы адам, бас бухгалтер қол қойып, мөрмен куәландырылады және Банкте сақталады. Банк уәкілетті органның талап етуі бойынша сұратуды алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей күн сайынғы және ай сайынғы есепті қағаз жазбада ұсынады.

Ескерту: 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қ а р а ң ы з ) .

4-2. Электрондық тасымалдағыштағы есептер ұсынылатын деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдарымен ақпаратты кепілдік бере отырып жеткізу көлік жүйесін п а й д а л а н у ы м е н ұ с ы н ы л а д ы .

Ескерту: 4-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қ а р а ң ы з ) .

4-3. Электрондық тасымалдағышта ұсынылатын деректердің қағаз жазбадағы деректермен сәйкестігін Қордың бірінші басшысы және оның орнындағы адамы қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Ескерту: 4-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысымен ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қ а р а ң ы з ) .

5. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

6. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын және оның қабылдануына байланысты өзге де шараларды қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мүдделі бөлімшелеріне, екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

7. Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялау шараларын қолға алсын.

8. Осы қаулы қолданысқа енген күннен бастап "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі екінші деңгейдегі банктердің күн сайынғы және ай сайынғы баланстарын беру мерзімдері туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 532 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2166 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2003 жылғы 10-23 ақпанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л. Бахмутоваға жүктелсін.

*Төраға*